



ТАҒЫМ АЛАҢЫ - ҚАЗАЛЫ



№29

(2408)

Сәрсенбі

22 сәуір

2026 жыл

Газет

2003 жылдың

5 қаңтарынан

шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІНДЕГІ ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АРАЛАП, ЖҰМЫС САПАСЫН БАҚЫЛАДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Әйтеке би кентіндегі салынып жатқан ойын алаңдарын аралап, Р.Сабырбаев көшесіндегі ағымдағы жол жөндеу жұмыстарының барысын бақылады. Мердігер мекеме өкілдерімен кездесіп, жол сапасына ерекше мән беруді және салаға жауапты орынбасарына жұмыстарды тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

Биыл аудан орталығындағы С.Сейфуллин, Біржан сал, Жалаңтөс батыр, Ж.Аймауытов, М.Шоқай, С.Сүлейменов көшелерінің асфальт қабатына ағымдағы жөндеу жұмыстары жоспарланып отыр.

Бұған дейін аудан әкімі Әйтеке би кентіндегі спорт алаңдарының жағдайымен танысып, жаңа нысандар салу және тозығы жеткендерін жөндеу жөнінде нақты тапсырмалар берген болатын. Соған сәйкес, қазіргі таңда кентте 2 жаңа спорт алаңын салу, 2 алаңға ағымдағы жөндеу жұмыстары басталды.

Аудан басшысы жаңадан ашылған тұрғын үй аймақтарындағы А.Әсербаев, Ж.Құдабаев көшелерінің қиылысында салынып жатқан жаңа спорт алаңын, Михайлюк көшесі бойындағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан спорт алаңын көрді. Жауапты мердігерлерге жұмысты сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды. Жаңа ойын алаңдарын 1 маусымға дейін толық аяқтап, пайдалануға беру керектігін ескертті. Сонымен қатар, жаңа спорт алаңдарын бейнебақылау камераларымен жабдықтап, түнгі жарықпен қамтамасыз ету жөнінде кент әкіміне нақты тапсырмалар жүктеді.

Аудан әкімі Әйтеке би кентіндегі Желтоқсан, В.Счастнов көшелеріндегі көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларында салынып жатқан қоғамдық әжетханалардың құрылысымен танысты. Бұған дейін аталған үйлердің тұрғындары тарапынан тұрғын үйлердің қас беттерін жөндеу мен шатырын ауыстыру, қоқыс контейнерлерін қою, кәріз суын төгетін арнайы орындарды салу және қоғамдық әжетхана салу мәселелері көтерілген болатын. Бүгінде тұрғындар көтерген мәселелер кезең-кезеңімен толықтай шешімін табуда.

КИЕЛІ ОРЫНДАРҒА ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ



Қазалы ауданында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асқан «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес «Тағзым орны таза болсын, рух пен тазалық – егіз ұғым» атты жалпыхалықтық тазалық акциясы өтті.

Акцияда аудан орталығындағы Жанқожа баба кесенесінде арнайы шара өткізіліп, аудан әкімі Алмасбек Есмаханов тазалық акциясының маңызы жайында сөз қозғады.

-Бүгін, еліміздің барлық өңірлерінде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында, аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес киелі орындарға тазалық шараларын жүргізу мақсатында ерекше шаралар ұйымдастырылуда. Қазалылықтарда «Тағзым орны таза болсын, рух пен тазалық – егіз ұғым» атты жалпыхалықтық тазалық акциясына өз үлестерін қоспақ.

Қазыналы Қазалы ауданы тарихи-мәдени ескерткіштер, киелі орындар көптеп орналасқан өңірлердің қатарына жатады. Бүгін барша жерлестеріміз жалпыхалықтық акция аясында аудан аумағында

орналасқан киелі Жанкент қалашығы, Жанқожа батыр кесенесі, Жалаңтөс баһадүр алаңы, Әйтеке би ескерткіші, Қазалы мәдени-демалыс кешеніндегі «Тағзым» алаңы, Қызылқұм ауылдық округіндегі Сараман-Қоса мұнарасы және аудан аумағындағы өзге де киелі орындар мен зираттар аумағына тазалық жұмыстарын жүргізіп, игі іске атсалысуда. Жыл басынан бері «Таза Қазақстан» тазалық акциясы аясында аудан орталығы мен елді мекендерде 30-дан астам кең ауқымды сенбілік жұмыстары жүргізілді.

Тазалық жұмыстары кезінде жол бойындағы бордюрлерді, бағаналарды, қоршауларды әктеу, сырлау, аяқ су арықтарын тазарту, кешелер бойын көгалдандыру, ағаш егу, ретсіз өскен шөптерді шабу жұмыстары жүргізілді.

«Таза Қазақстан» акциясы аясында аудан орталығы Әйтеке би кентінде 100 дана қоқыс жәшігі сатып алынып, аудан орталығындағы көше атауы берілген азаматтардың ұ р п а қ т а р ы н ы ң демеушілігімен 80 дана қоқыс жәшігі алынып, тұрғын үйлер жанына орналастырылды. Жүргізілген тазалық жұмыстарының нәтижесінде жыл басынан бері 5600 тонна қоқыс жиналып, арнайы орындарға

шығарылды. Ал, тазалық шаралары аясында биыл ауданның елді мекендерінде 3000-ға жуық ағаш көшеттері егіліп, көгалдандыру, абаттандыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. Аудан халқын қоршаған ортаның тазалығына жұмылдыру ма қ с а т ы н д а ғы жұмыстар одан әрі жалғаса беретін болады, - деді аудан басшысы.

Жанқожа баба кесенесінде өткен шарада алдымен баба рухына арнап құран бағышталып, құрбандық шалынды.

Мұнан кейін тазалық шаралары басталып, кесене аумағы толықтай тазартылып, ағаштардың түбі, бордюрлар әктелді. Кесене аумағы сыпырылып, қоқыстар жиналып, аяқ су арықтарына су жіберілді. Кесененің іші-сырты жуылып, тазалық жұмыстары кешенді түрде жүргізілді.

Аудан әкімі мен ел ағалары, зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен баба кесенесі аумағына ағаш көшеттері отырғызылды.

Сондай-ақ, «Өркендеу» ауылдық округіндегі көне Жанкент қалашығы аумағында, аудан орталығындағы Жалаңтөс баһадүр алаңында, Қазалы мәдени-демалыс кешеніндегі Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне орнатылған ескерткіштер, Әйтеке би ескерткіші аумағында, аудан көлеміндегі басқа да киелі орындар мен зираттарда тазалық шаралары ұйымдастырылды.

Игі шараға зиялы қауым өкілдері, аудандық мәслихаттың депутаттары, ел ағалары, ардагерлер, жастар мен аудан тұрғындары белсене қатысып, туған жердің тазалығына өз үлестерін қосты.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

АУДАН ӘКІМІ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ДЕПУТАТЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов ауданға арнайы жұмыс сапарымен келген облыстық мәслихаттың депутаты Садық Мұстафамен кездесті.

Кездесуде аудандағы бұқаралық спортты дамыту мәселелері кеңінен талқыланды. Атап айтқанда, спорт кешендерінің жағдайы, материалдық-техникалық жарақаттың деңгейі және қолданыстағы нысандарды заманауи талаптарға сай жаңғырту тетіктері сөз болды.

Облыстық мәслихаттың депутаты Қазалы қаласындағы №18 балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің стадионын қайта жаңғырту, ауылдық округтерде заманауи спорт кешендерін көбейту мәселелерін қозғады.

Аудан басшысы Алмасбек Есмаханов бүгінде аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен өңірде бұқаралық спортты дамыту мақсатында ау-

дан орталығы мен елді мекендерде заманауи спорт кешендерін салу жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатқанын айтты.

-Бұған дейін аудандағы Қ.Пірімов, Ү.Түктібаев, жыл басында Бекарыстан би ауылдарында жаңа спорт кешендері пайдалануға беріліп, бүгінде «Ауыл - ел бесігі» жобасы аясында Әйтеке би кенті мен Қожабақы ауылында 2 спорт кешенінің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Алдағы уақытта да жоспарға сәйкес елді мекендерде жаңа спорт нысандарын салып, аудан орталығындағы Жалаңтөс Баһадүр атындағы орталық стадионға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізетін боламыз, - деді аудан басшысы.

Облыстық мәслихаттың депутаты Садық Мұстафа ауданға жұмыс сапары кезінде спорт мектептері мен кешендерін аралап, нысандардың материалдық-техникалық жағдайымен танысты.

ФУТБОЛДАН ӘЛМӘМБЕТ ӘЛІШЕВТІ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН АУДАНДЫҚ ТУРНИР ӨТТІ

Қазалы ауданында Қоғам қайраткері, КСРО және Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Қазалы ауданының құрметті азаматы Әлмәмбет Әлішевті еске алуға арналған футболдан аудандық ашық турнир өтті.

Әйтеке би кентіндегі Қазалы спорт клубында өткен турнирге аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, туған жердің өсіп өркендеуіне зор үлес қосқан ардақты азаматтың елге сіңірген еңбегі мен есімі бүгінгі ұрпаққа үлгі екенін жеткізді.

қосқан қаламгер. Жыл сайын ауданымызда Әлмәмбет Әлішев есімін ұлықтау, ағамыздың еңбегін бүгінгі ұрпаққа кеңінен дәріптеу мақсатында спорт түрлерінен еске алу турнирлері, шығармашылық байқаулар тұрақты түрде өткізіліп келеді. Бүгінгі турнирде жай ғана спорттық бәсеке емес. Бұл – ұлтқа қызмет еткен тұлғаның есімін ұлықтау, оның өнегелі өмір жолын жас ұрпаққа насихаттау, елдік пен ерлікті, білім мен еңбекті дәріптеу алаңы. Әлмәмбет Әлішевтей тұлғалардың есімін осындай игі шаралар арқылы



-Биыл Сыр өңірінің рухани-мәдени және қоғамдық-саяси өмірінде өзіндік дара қолтаңбасы қалған тұлға, есімі киелі Сыр өңіріне белгілі жазушы, публицист Әлмәмбет Әлішевтің дүниеге келгеніне 87 жыл. Осыған орай, арда азаматтың есімін есте қалдыру, бүгінгі ұрпаққа дәріптеу мақсатында ағамызды еске алуға арналған 2013-2014 жылдары туылған жасөспірімдер арасында шағын футболдан аудандық ашық турнир ұйымдастырылып отыр.

Әлмәмбет ағамыз жазушы, журналист ретінде еліміздің экономикасы мен мәдени-рухани саласын дамытуға елеулі үлесін

ұлықтау – ұлтқа қызмет етудің бір көрінісі, - деген аудан басшысы жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Турнирдің ашылу салтанатында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекпанов, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Талайлы Бөріқұлақов сөз сөйлеп, Әлмәмбет Әлішұлының көзі тірісінде елге сіңірген еңбегі жайында естеліктермен бөлісті.

Облыстық турнирде қазалылық аяқдопшылармен бірге Қармақшы, Арал, Сексеуіл, Қызылорда қаласы мен Қазалы ауданынан 9 команда бақ сынады.

ӘЙТЕКЕ БИ КӨШЕСІ ҚАЙТА АСФАЛЬТТАЛУДА

2024 жылы аудан орталығындағы Әйтеке би көшесіне мердігер мекеме – «СтроймодульАстана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізген болатын. Алайда асфальт қабатының сапасыз төселуіне байланысты аталған көшенің жабындысы қысқа мерзімде жарамсыз күйге түсті.

Қазіргі таңда мердігер мекеме өз қаражаты есебінен көшені асфальттау жұмыстарын қайта бастады.

Айта кету керек, Әйтеке би көшесінің сапасыз жөнделгені жөнінде тұрғындар тарапынан бірнеше рет өтініштер түскен болатын. Бұл мәселе облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тікелей бақылауында болып, мердігер мекемеге жолды өз қаражаты



есебінен сапалы қайта жөндеу жөнінде нақты тапсырма берілген болатын.

Бүгінде жол құрылысының сапасы аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың тұрақты бақылауында. Аудан басшысы тиісті сала мамандарымен бірге жүргізіліп жатқан жұмыстарды күнделікті қадағалап, мердігерге жөндеу жұмыстарын қысқа мерзімде әрі сапалы аяқтап, тұрғындар игілігіне беру қажеттігін ескертті.

Айта кетейік, жол инфрақұрылымын жақсарту бағытында биыл аудан орталығында 16 көшеге ағымдағы жөндеу және Жанқожа батыр көшесіне айналма жол салу жұмыстары жүргізілуде.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

«ПАРЫЗ» КОНКУРСЫНА ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРАМЫЗ

«Парыз» — бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі Қазақстанның жеке кәсіпкерлік субъектілерінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік принциптерін қалыптастыру мен ілгерілету және оларды осы саладағы ең үздік тәрбиені енгізуге ынталандыру мақсатында жыл сайын өтетін конкурс.

«Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы туралы» ҚР Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №523 Жарлығына сәйкес, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, «Атамекен» одағы Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы мен Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар Федерациясы – конкурстың ұйымдастырушылары болып табылады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілері қатысатын Конкурс өңірлік және республикалық деңгейлерде өткізіледі.

Конкурс лауреаттары атақтары "шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі", "ірі кәсіпкерлік субъектісі" санаттарында келесі номинациялар бойынша беріледі:

1) "Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын". Бұл номинацияда өз персоналын қолдауға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды (еңбекақы мен әлеуметтік төлемдерді төлеуді, еңбекті қорғауды, кадрларды кәсіптік даярлау және қайта даярлау жүйесін ұйымдастыру және тағы басқа) іске асыратын үміткерлердің қызметі қаралады;

2) "Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын". Бұл номинацияда еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің денсаулығын сақтауға мүмкіндік беретін еңбек жағдайларын жасайтын үміткерлердің қызметі қаралады;

3) "Үздік ұжымдық шарт". Бұл номинацияда ҚР заңнамасында қарастырылған, қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын едәуір жақсартатын және нығайтатын ұжымдық шарттар қарастырылады;

4) "Экологияға қосқан үлесі үшін". Бұл номинацияда қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталған табиғатты қорғау (экологиялық) бағдарламаларын іске асыруда ерекше көзге түскен үміткерлердің қызметі қаралады.

Конкурсқа қатысу тегін болып табылады.

Үміткерлер жеке

кәсіпкерлік субъектілерінің жұмысшыларының және қоғамның әл-ауқатын жақсартуға, оның ішінде корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін айқындайтын әлеуметтік бағдарламаларын ұсынуға міндетті.

Бағдарламалар және олардың жобалары өз бетінше және/немесе жергілікті атқарушы органдармен және азаматтық қоғам институттарымен әріптестік сипатында және әлеуметтік саладағы оң өзгерістерге қол жеткізуге бағытталуы қажет.

Әлеуметтік жауапкершілік бәсекелестікті арттыруға бағытталуы тиісті.

Конкурсқа келесі үміткерлер қатыса алады, яғни:

1) қызметін 3 жылдан астам уақыт жүзеге асырған;

2) жойылу сатысында емес, банкроттық деп танылмаған;

3) еңбек заңнамасының бұзылуына жол берілмеуі керек, оның ішінде жалақыға және жұмысшыларға төленетін өзге де төлемдер бойынша қарызының болмауы қажет;

4) жұмысшыларымен ұжымдық-еңбек даулары болмауы қажет;

5) Қазақстан Республикасының аумағында саяси, кәсіподақ және діни ұйымдардың іс-әрекетін қолдауға бағытталмаған әлеуметтік және қайырымдылық шараларды жүзеге асырған;

6) конкурсқа қатысуға берілетін өтінімдегі ақпараттар шынайы көрсетілген, сонымен қатар құжаттарын толық көлемде тапсырған.

Үміткерлер конкурсқа қатысу үшін құжаттарын hr.enbek.kz сайты арқылы тапсырады.

Соңғы екі жыл ішінде лауреат болған номинация бойынша қайтадан қатыса алмайды.

Нақты ақпарат пен кеңесті келесі мекен жайдан алуға болады:

Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі, 47 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының 212 каб. тел: 26-38-20 немесе тұрғылықты жеріңіз бойынша аудандық және Қызылорда қалалық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері.

“Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы” коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ПРИГЛАШАЕМ ПРИНЯТЬ УЧАСТИЕ В КОНКУРСЕ «ПАРЫЗ»

«Парыз» - ежегодный конкурс корпоративной социальной ответственности с целью формирования и продвижения принципов корпоративной социальной ответственности частного бизнеса в Казахстане и поощрения их к внедрению лучшего образования в этой области.

Согласно Указу Президента Республики Казахстан от 23 января 2008 года №523 «О конкурсе «Парыз» по корпоративной социальной ответственности организаторами являются Министерство труда и социальной защиты, Национальная экономическая палата Казахстана, Атамекен и Федерация профсоюзов Казахстана.

Конкурс, в котором принимают участие субъекты частного предпринимательства, проводится на региональном и республиканском уровнях.

Звания лауреатов конкурса присуждаются в категориях «Субъект малого и среднего предпринимательства», «Субъект крупного предпринимательства» по следующим номинациям:

1) «Лучшее социально ответственное предприятие». В данной номинации рассматривается деятельность претендентов, реализующих социальные программы, направленные на поддержку собственного персонала (организация оплаты труда и социальных выплат, охраны труда, системы профессиональной подготовки и переподготовки кадров и так далее);

2) «Лучшее предприятие в области охраны труда». В данной номинации рассматривается деятельность претендентов, создающих условия труда, позволяющие сохранить здоровье работников в процессе трудовой деятельности;

3) «Лучший коллективный договор». В данной номинации рассматриваются коллективные договоры, значительно улучшающие и укрепляющие трудовые и социальные права работников, предусмотренные законодательством РК;

4) «За вклад в экологию». В данной номинации рассматривается деятельность претендентов, значительно отличившихся в реализации природоохранных (экологических) программ, направленных на улучшение состояния окружающей среды.

Участие в конкурсе является бесплатным.

Претенденты должны представить свои социальные программы, направленные на улучшение благосостояния

общества в целом и работников субъекта частного предпринимательства в частности, подтверждающие их корпоративную социальную ответственность.

Программы и их проекты включают мероприятия, которые осуществляются претендентами самостоятельно и/или в партнерстве с институтами гражданского общества и местными исполнительными органами и направлены на достижение позитивных изменений в социальной сфере.

Социальная ответственность должна повышать конкурентоспособность.

К участию в конкурсе допускаются претенденты, которые:

1) осуществляют деятельность не менее трех лет;

2) не находятся в стадии ликвидации, не признаны банкротом;

3) не имеют не устраненных нарушений трудового законодательства, в том числе просроченную задолженность по заработной плате и другим выплатам работникам;

4) не имеют коллективных трудовых споров с работниками;

5) осуществляют социальную и благотворительную деятельность на территории Республики Казахстан, которая не должна быть направлена на поддержку политических, профсоюзных и религиозных организаций;

6) в заявке на участие в конкурсе указали достоверные сведения, а также в полном объеме представили документы.

Для участия в конкурсе претенденты подают документы конкурса через сайт hr.enbek.kz.

Не допускается повторное выдвижение на соискание звания лауреата конкурса в течение двух лет после получения этого звания в определенной номинации.

Подробную информацию и консультацию можно получить по следующему адресу:

Управление координации занятости и социальных программ Кызылординской области, расположенное по адресу: г. Кызылорда, ул. Бекзатхан Аскара, №47 каб. № 212, тел. 26-38-20 или по месту жительства в отделах координации занятости и социальных программ районов и г. Кызылорда.

Коммунальное государственное учреждение «Управление координации занятости и социальных программ Кызылординской области»

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС — БАСТЫ МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мемлекетіміздің стратегиялық дамуындағы негізгі басымдықтардың бірі болып табылады.

Мемлекетіміз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтардың түрлерін, сондай-ақ міндеттемелік шарттарын белгілеп, құқық бұзушылықтың алдын-алу, анықтау, жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы азаматтардың құқықтыры мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік функцияларды орындайтын мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар және оларға теңестірілген тұлғалардың тиімді қызметін қамтамасыз етуді белгілеген.

Сыбайлас жемқорлық қоғамның іргетасын бұзатын, дамуына қауіп төндіретін, халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімінің төмендеуіне әсер ететін, экономиканы әлсірететін қоғамдағы жағымсыз құбылыс.

Қазақстан Республикасының



«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңында көзделген және белгіленген тәртіптік әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеліп соқтыратын, сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттер құқық бұзушылық болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларын жүзеге асыру мақсатында басқарма мамандары арасында семинарлар өткізіліп, бұқаралық ақпарат құралдарына, әлеуметтік

желілерге мақалалар жарияланып тұрады. Мемлекеттік қызмет түрлерін алуда жеке және заңды тұлғалардан түскен өтініштерді қарау, объектіде тексерулер жүргізуде және өтініш иесіне жауап жолдауда заңдылықтардың қатаң сақталуын қадағалауда ұстау, рәсімдеу құжаттарының (санитариялық-эпидемиологиялық тексеріп-қарау актісі) бекітілген нысандарға сәйкестігін, бизнес процестердің сақталуын қадағалау, мамандардың жауапкершілігін арттыруда жұмыстар жүргізілуде. Уақытылы және заң талаптарына сәйкес жауап берілуі қадағалануда. Басқарма басшысы мен басшы орынбасарының

азаматтарды қабылдау кестелері мен сенім телефондары бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланады.

Тексеруші мамандар арасында заңсыз тексерулерге жол бермей, нысандардың талаптарға сәйкестігін тексеру барысында сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықтардың алдын-алуда өз қызметтері шегінде жұмыстарын атқаруға, қызметтерін асыра пайдаланбау жайы ескертіліп отырады. Мамандармен шектеулер, тыйым салуларды, міндеттемелерді белгілейтін заңнама талаптарының бұзылуына жол берілген жоқ.

Әрбір азамат жемқорлық қылмыс жасағаны үшін, атағы мен лауазымына қарамастан, белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартылатыны белгілі.

Сондықтан, қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұра аламыз.

Майра РШИМБЕТОВА,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
басқармасының басшысы

СУ АЙДЫНДАРЫНДА ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАЙЫҚ!

Су – тіршілік көзі, ол болмаса адамзаттың өмір сүруі мүмкін емес. Сонымен қатар, ата – бабаларымыздың от пен су – тілсіз жау деген ескертулерін есімізден шығармауымыз керек. ҚР ІІМ-нің Төтенше жағдайлар комитетінің аумақтық бөлімдерімен жергілікті жерлерде судағы қауіпсіздікті сақтау, арнайы суға түсуге белгіленбеген орындарда суға түспеу, ата-аналардың жаз маусымында балаларын қадағалаусыз қалдырмауы жөніндегі жүргізіліп жатқан ескертпе, үгіт-насихат жұмыстарына қарамастан облыс, республикада адамдардың жазғы суға түсу маусымында қаза болу оқиғалары азаяр емес.

Егерде суға шомылуға барсаңыздар төмендегі қауіпсіздік ережелерін есте ұстаңыздар:

-суға ауаның температурасы

25, судың температурасы 20 градус болғанда ғана шомыл;

-тек арнайы жағажайларда ғана шомыл;

-суға жайлап түс, таяздау жерге барғанда тоқтап, басыңды суға сүңгітіп ал;

-судан әлсін – әлсін шығып демал;

-қалтырап тоңғанша суда жүріп алма;

-қол, аяқ тырысқанда үрейленбей, су бетінде болуға тырыс, айқайлап көмек сұра;

-судың қатты ағынына тап болғанда, ағынға қарсы жүзбей, ағыспен малтып жағаға қарай жүзуге тырыс;

-су иіріміне тап болғанда, саспай ауаны ішке көбірек жұтып алып, суға сүңгі де ағын бағытына қарай қатты секіріп, судың бетіне шық;

-арақ – шарап ішіп, суға түсуге қатаң тыйым салынады;

-егер шаршасаң дереу судан



шық;

-бейтаныс жерден суға секірме;

-терлеп тұрғанда және қараңғы уақытта суға шомылуға болмайды;

-суға шомылғанда автокамераны, допты, тақтайларды пайдалануға болмайды.

Қазалы ауданының
Төтенше
жағдайлар бөлімі

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
күәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11507 дана.